



МУХТАР АЗАЛЫ

№63
(2128)
Сенбі
15 шілде
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҮЗДІК ҮШТІККЕ ІЛІНГЕН ҮЗДІК АУДАН

Әйтеке би кентіндегі орталық алаңда облыстық «Үлгілі елді мекен» конкурсында «Үлгілі аудан орталығы» номинациясы бойынша III орынға ие болған Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіне берілген жаңа техникаларды табыстау шарасы өтті.

Салтанатты шарада аудан әкімі Мұхтар Оразбаев аудан халқын жетістікпен құттықтап, лебізін білдірді.

– Мемлекет басшысының «ҚР-ның ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығы шыққан болатын. Соған сәйкес, аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен елді мекендерде адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қалыптастыру, елді мекендерді тазалық пен көгалдандыру мақсатында «Үлгілі елді мекен» конкурсы бастау алған болатын.

Тәуелсіз комиссияның шешімімен «Үздік аудан орталығы» номинациясы бойынша үшінші орын Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіне бұйырды. Аймақ басшысы лайықты жеңісімізбен құттықтап, соңғы үлгідегі жаңа



техникалар ассенизатор машинасы мен жол тазалайтын трактордың кілтін табыстады.

Бұл жетістік – бірлік пен еңбектің нәтижесі десем артық болмайды. Яғни, бұл – аудан әкімдігі мен Әйтеке би кенті әкімдігі қызметкерлерінің, т а з а л ы қ ш ы л а р д ы ң , қоғамдық ұйымдардың, кент тұрғындары мен қоғам белсенділерінің туған жеріне деген жанаушылығының арқасы, – деген аудан басшысы игі істе аянбай тер төккен жандарға алғысын білдірді.

Сондай-ақ, аудан әкімі Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, облыс әкімі

Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен «Қазалы ауданының орман және жануарлар дүниесін қорғау» мемлекеттік мекемесінің орманшы инспекторларына орман қоры жерлерін күзету, қорғау және өсімін молайту жұмыстарын сапалы жүргізу мақсатында облыстық бюджеттен қаражат бөлініп, 10 дана арнайы қызметтік мотоцикл, борттық КАМАЗ және вахталық КАМАЗ берілгенін айтып, жаңа техникалармен құттықтады.

Мұнан соң ауданымыздың тазалық жұмыстары мен көркейту-көгалдандыру шара-

ларына белсенділік танытқан жандар облыс әкімінің және аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Сонымен қатар, III орын иеленген Әйтеке би кентінің әкімі Қайрақбай Орынбасаров пен «Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау» мемлекеттік мекемесінің басшысы Ардақ Кәдірге аудан әкімінің «Алғыс хаты» мен жаңа техникалардың «сертификаттары» табысталды.

Шарада Қазалы ауданының құрметті азаматы, еңбек ардагері Өмірзақ Түктібай сөз сөйлеп, көпшілікті абыройлы жеңіспен құттықтады.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев шара барысында жаңа техникалармен танысып, жүргізушілерге кілттерді табыс етті.

Мерейлі сәтте Қазалы ауданының құрметті азаматы, аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Қасқырбай Әлімбай ауданның абройы әрдайым асқақтай берсін деген тілегін білдіріп, батасын берді.

Кеште аудан өнерпаздары әуелете ән салып, қонақтарға ерекше көңіл-күй сыйлады.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



Әйтеке би кентіндегі Р. Бағланова атындағы мәдениет үйінде өткен «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының аудандық іріктеу кезеңі өз мәресіне жетті. Байқауда аудандық кезеңде жеңіске жеткен жеңімпаз отбасыларды аудан әкімі Мұхтар Оразбаев құттықтап, түрлі номинациялармен марапаттап, арнайы сыйлықтар табыстады. Байқау қортындысы бой-

ынша бас жүлдені соғыс ардагері, ғасыр жасаған майдангер Қабақ Смағұловтың отбасы жеңіп шықты. Ол қазіргі таңда 10 бала, 22 немере, 32 шөбере, 2 шөпшек тәрбиелеп отырған көпке үлгі отбасылардың бірі.

Салтанатты шарада байқауға қатысқан өнерлі отбасылар әннен шашу шашып, көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Айта кетейік, жыл сайын ұйымдастырылатын өнеге мен тәрбиені дәріптеуге бағытталған байқауға биыл 25 үлгілі отбасы өтінім берген.

**Ұлпан ІБІРАШ,
«Тұран-Қазалы»**

«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС 42 КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Конференция жұмысын аудандық партия филиалының атқарушы хатшысы Нұрғиса Жалғасбаев ашып, күн тәртібіндегі бірінші мәселе «АМАНАТ» партиясы Қазалы аудандық филиалының төрағасын сайлау бойынша осы уақытқа дейін партия филиалының төрағасы қызметін атқарған Бақытжан Дүзелбайұлына алғыс білдіріп, партия филиалының жаңа төрағасы лауазымына аудандық мәслихаттың төрағасы Әліш Ғазиз Әлмәмбетұлының кандидатурасын ұсынды. Делегаттар тарапынан ұсыныс ашық дауыс беру арқылы қолдау тауып, партия филиалының төрағасы



болып Ғазиз Әлмәмбетұлы сайланды. Өз кезегінде сөз алған жаңа төраға «аманаттықтардың»

өзіне артқан сенімдеріне зор ризашылығын білдіріп, бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

Сонымен бірге, жиын барысында облыстық мәслихаттың депутаты Ибайдулла Тілеп партияластар атынан құттықтау сөз сөйлеп, филиал төрағасының алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Айта кетейік, жиынға партияның облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихаттың төрағасы Наурызбай Байқадамов, сондай-ақ партия филиалының Саяси кеңесі мен Саяси кеңесі Бюросы мүшелері, партия ардагерлері мен белсенділері, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, БПҰ және «Жастар Рухы» жастар қанатының өкілдері қатысты.

ҮЙІРМЕ - ӨМІР БАСТАУЫ

Елімізді өркениетке апарар жолдың бастауында мектеп тұрады. Ал мектептің жүрегі – мұғалім екені даусыз. Шәкірт ұстазға қарап өседі. Оқушыны білімге қызықтырып, өз әлеміне баурап алу үшін ұстазға дариядай терең білім, биік парасаттылық, еңбекқорлық керек. Мектебімізде осындай қабілет пен қасиеттерді бойына сіңіре білген ұстаздар жетерлік. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, ұстаздарымыз мағыналы, өнегелі тәрбие мен сапалы білім беруде. Өзім қызмет жасайтын Әйтеке би кентіндегі Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицейдің мұғалімдерінің әрқашан жаңашылдыққа құмар, әлемдік деңгейдегі түрлі технологияларды игеріп, баламен стандарттық жүйемен ғана жұмыс жасамай, олардың түрлі қабілеттерін тани отырып, ақылы, ақысыз негіздегі үйірмелерге тартып, аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі байқауларға қатыстырып, жеткен белестері мен нәтижелі еңбектерін айтпай кетпеу мүмкін емес. Біздің мектеп-лицейде 2020 жылдан бері заманауи IT бағытында «SMART» ақпараттандыру орталығы жұмыс істеп келеді. Онда төрт ақылы және 79 ақысыз үйірмелер бар. Әр оқу жылының алғашқы қыркүйек айында үйірмелерге ашық есік күні өткізіліп, аталмыш үйірмелерге оқушылар жиналады. Биылғы оқу жылының өзінде үйірмелерге барлығы 2391 оқушы тартылды. Мектеп-лицей бойынша үйірмелер 71% көрсетіп отыр. Ақылы жүргізілетін «SMART» ақпараттандыру орталығында да «Техникалық моделдеу», «Робототехника», «Art studio», «Movement», қазан айынан бастап «Ай-Шұғыла» театр және әдебиет үйірмелері өз деңгейінде жұмыстар атқарып, оқушылардың бейінін анықтау мақсатында сынып

жетекшілерімен бірлесіп, 5-9 сынып оқушыларынан психодиагностика жүргізіп, бейіміне қарай балаларды үйірмелерге мүшелікке қабылдады. Сонымен қатар, ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жоспар бойынша арнайы үйірме жұмыстары үздіксіз жүргізілді. Жалпы үйірмелер 7 бағытқа бөлініп, әр бағыт бойынша бірнеше үйірмелер жұмыс жасайды: **Өнер тапқыштар мектебі** – 9 үйірме; **Зияткерлік мектебі** – 37 үйірме; **Руханият мектебі** – 16 үйірме; **Оқуға құштар мектеп** – 2 үйірме; **Құқықтық сауаттылық** – 2 үйірме; **Жасыл өлке** – 3 үйірме; **Салауаттылық** мектебі – 15 үйірме. Жыл бойы жүргізілген үйірмелердің үйірме мүшелерін қызықтыра отырып, әртүрлі тақырыптағы сыныптан тыс оқушылармен жүргізген мектепшілік шаралардан өзге мектепаралық шаралардағы белсенділіктерін мақтанышпен айта аламын. Осы тұста ерекше атап айтқым келетіні – Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің әлеуметтік желідегі имиджін қалыптастыру мақсатындағы «Үздік логотип» байқауында мектебіміздің «ART STUDIO» үйірме жетекшісі Қ.Есмаханнның жобасы үздік деп табылып, білім бөлімі белгісіне айналды және жеңімпазға 50 000 теңге қаржылай сыйлық табысталды. «Техникалық модельдеу» үйірмесінің жетекшісі Н.Жүгінісов те аудандық, облыстық мұғалімдер арасындағы түрлі тақырыптағы қолөнер байқауларының және пән олимпиадаларының бірнеше мәрте жеңімпазы атанса, «Ай-Шұғыла» үйірмесінің жетекшісі А.Қуатбай аудандық «Авторлық бағдарламалар» сайысының жеңімпазы, «Аранды энциклопедиясының авторы».

«Жансарай» драма театр үйірмесінің жетекшісі Ә.Сағымбаеваның оқушылары «Әбіш оқулары» байқауының аудандық, облыстық, республикалық кезеңінде Ә.Кекілбаевтың шығармаларынан сахналық қойылым номинациясы бойынша I орын иеленіп, республиканы бағындырды. Ал «Жас зерттеушілер» үйірмесінің жетекшісі А.Жетілгенованың шәкірті А.Тілеубергенова «Әбіш оқулары» байқауының «Жоба қорғау» номинациясы бойынша III орын иеленді. Сонымен қатар, аудандық «Тіл мерейі – ел мерейі» мәнерлеп оқу байқауына А.Байтұрсынұлының мысалдары мен өлеңдерін жатқа оқудан Байқазаққызы Гүлсезім және Қанибаев Қасымхан III орынмен марапатталса, «ESSAY» жас жазушылар үйірмесінің білім алушысы Бегалы Әсел «Отбасы – бақыт мекені» эсселер байқауының аудандық кезеңінен II орын, облыстық кезеңнен III орынды қанжығаға байлады. «Робототехника» үйірмесінің жетекшісі Р.Әбжәмидің жетекшілігімен «POBO Fest - ORDA» аудандық фестивалінің «Робо Арқан тартыс» категориясы бойынша роботтар сайысында мектеп оқушылары III орын иегері атанды. Сонымен қатар, мектеп-лицейде эстетикалық пәндер бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен аудандық «Ұлағаттылық тәлім-тәрбие бастауы айлығы аясында «Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі» атты ата-аналар көрмесінде ерекше көзге түсіп Н.Жүгінісов «Үздік ағаш шебері» атанды. Сондай-ақ үйірме жетекшілері ғылыми жұмыстарға бет бұрып, «Ай-Шұғыла» театр және әдебиет үйірмесінің жетекшісі А.Қуатбайдың оқушылары Дарын ғылыми жобалар байқауы әдебиет секциясы бойынша аудандық кезеңнен 1-орын иеленіп облыстан «Алғыс

хатпен» оралды. «Ай-Шұғыла» үйірмесінің мүшесі Д.Әнес аудандық, облыстық «Бозторғай» байқауының Бас жүлдесін иеленсе, бастауышынып оқушыларынан құралған «Ай-Шұғыла» тобы аудандық «Абай – дана, Абай – дара қазақта» Абай шығармаларынан алынған сахналық қойылым байқауында үздік танылып, «Алғыс хатпен» марапатталды. Әр оқу тоқсанының демалыс күндері оқушылармен ұйымдастырылатын сыныптан тыс жұмыстар да бір жолға қойылған, үздіксіз жұмыс жасалады.

«SMART» ақпараттандыру орталығы қызметкерлері мектепшілік қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, каникул күндеріндегі іс-шараларды өз деңгейінде өткізіп келеді. Осындай уақытпен санаспай, еліне қалтқысыз қызмет етіп, жас ұрпақты бақытқа жетелеп жүрген ұстаздар барлық білім ордаларында жетерлік. Олардың жеткен жетістіктері өздерінің қызмет жасап жүрген білім ордаларының жетістігі саналатындықтан, мерейлерін асырып, ізгі істерін насихаттап отыру керек деп ойлаймын. Тағы бір айта кететін жайт – аудандық қосымша білім беру мамандары арасында өткізілген «Үздік қосымша білім беру маманы – 2022» байқауында мен өзім жұмыс істейтін бірлестігімнің жұмыс нәтижелерін қоса негізге алып, жеңімпаз атандым. Ол да менің қызметтік жолымдағы мектебіме қосқан үлесім. Қорыта айтқанда, үйірме – баланың өмірдегі орнын табуға апарар бірден-бір мүмкіндік. Бала қабілетін тани отырып, үйірмеге тарту арқылы ата-ана, мұғалім, бала бірлесе үштік одақта жұмыс істесе, кемел болашағымызды жасау да оңай болар еді.

Құралай ӘЛІШЕВА,
Е.Бозғұлов атындағы №249
мектеп-лицейдің қосымша
білім беру маманы

ЕСКІРМЕЙТІН ЕСТЕЛІГІ КӨП ЕЛ АҒАСЫ



Баспасөз кеңістігінде өзіндік орны бар «Тұран-Қазалы» аймақтық ақпараттық – танымдық басылымының тұңғыш нөмірі 2003 жылдың 5 қаңтарында жарық көрген болатын.

«Тұран-Қазалы» газеті десе, газетті басқарған өзіндік орны бар – Әлмәмбет аға көз алдыма келеді.

Болмысы бөлек, данышпан ойшыл, дарынды, 100 жылда бір кездесетін дара, сондай тау тұлға – Әлмәмбет аға.

2007 жыл мен Қазалы ауданындағы Жанқожа батыр атындағы №70 мектебінде

жұмыс істейтін едім. Шығармашылық ұжымда ауыз толтырып айтар жетістіктер көп болатын. Оқушылар мен ұстаздар түрлі облыстық байқаулар мен республикалық ғылыми жобалар конкурстарынан жүлдемен оралып, өзімнің де ойып алар жетістіктерім ізденісімнің арқасында көбейе тускен. Зерттеу жұмыстарымның бірі облыс, республикадан орын алған болатын. «Осындай жаңалықты, зерттеулерді газет, журналға неге жазбасқа?» - деген ой келді. Мақаланы жазып газетке алып бардым. Редакция деген жердің есігін алғаш рет барып, Әлмәмбет аға кездестім, Әлмәмбет аға мақаламды оқып менің арғы тегімді зерттеп, сенің нағашың Ізтілеуов Жанпайыз. Ол кісінің мақаласы кезінде газеттің бірінші бетіне жіберілетін. Ал сен жазған мақалаң нағашы атаңнан алыс кетпепсің. Сен осы газетке жақсы мақала әкелдің деп, екеуміз мақаланы талқылап, Әлмәмбет ағаның көрегенділігі, газеттің жанашыры екенін байқап, бақылап, журналистика дегеннің жүрегінің не екенін көз жеткіздім. Мектепте оқушы кезімде, студент кезімде қаншама ақын-жазушылармен

кездесу кештерін тамашалап, олардан керемет рухани азық алып қайтып жүрсемде, сол уақытта өз өлкемізде осындай тау тұлғаны өз көзіммен көріп, сұхбаттасып, әдебиет әлеміне, тілші, журналистердің тағдырын түсіндім. Әлмәмбет ағамен мақаланы талқылап болып, менің жолымды берсін, данышпан бол балам деп, өзінің жазып отырған қаламсабын ұсынып, ақ батасын берді. Міне, осы уақыттан газетке мақалаларым жиі жарық көре бастады.

Әлмәмбет ағаның «Жазушы» баспасынан 1969 жылы «Үрмәш Түктібаев», 1970 жылы «Батыр болып тумайды», 1975 жылы «Ат тұяғын тай басар», «Жалын» баспасынан 1981 жылы «Бәйтеректің бұтағы» романы жарық көрді. Кеңес Одағының Батыры Үрмәш Түктібаевтің өмірі мен ерлігі туралы жазылған «Батыр болып тумайды» повесі «PAR VARONIEM NEPIEDZIMST» атымен Латвия елінде латыш тілінде жарық көрді.

Әлмәмбет аға редакцияға бара қалғанда қолдау көрсетіп, үнемі оң жол сілтеп, ұстаздық жолда журналистикамен қатар алып жүрсең, өмір сабақтарында керек жерінде пайдалану шеберлігі

өз қолыңда. Сол үшін де мен ұстазымдай тәлім тәрбие берген Әлмәмбет ағаға алғысымды айтамын.

Әлмәмбет аға есімі кітап сүйер қалың оқырмандарының есінде мәңгі сақталады. Елге бергенінен, берері көп ағаның орны әлі де ойсырап тұр. Бірлесе жұмыс істеп, мақаланың майын тамызып, өз ойыңа еркіндік беріп, ой бөліскен күндерді сағынып еске аламын. Газет – халықтың көзі, құлағы, хабаршысы. Мақаланы ауызбен айтуға ғана оңай., бірақ оны тігісін жатқызып, ой елегінен өткізіп жазудың ерекшелігі бар. Оны ұйымдастырып, әр салаға ат қойып, айдар тағып таратудың ауыртпалығын тек тілшілер біледі. Осындай қыруар қиыншылықтың басында, бел ортасында, ел ағасы бола білген Әлмәмбет ағамыздың еңбегі зор. «Ат тұяғын тай басар» ағаның ізін жалғастырушы тілшілерге, қаламдарыңыз мұқалмасын! Оқырман оясынан шығар мақалаларыңыз бен оқырмандарыңыз көп болсын! дегім келеді.

Гүлшаһар ӘЙМІШОВА,
«Тұран-Қазалы»
газетінің штаттан
тыс тілшісі

ТАҒАМНАН УЛАНУДЫҢ, ЖҰҚПАЛЫ ІШЕК АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Ас - адамның арқауы. Ас ішу біздің жасушаларымыз бен тіндерімізді жаңартуға мүмкіндік береді. Тағамнан, яғни астан улану - тағам арқылы берілетін этиологиясы сан алуан кеселдер тобына жатады. Тағамнан уланулар – бұл табиғаты микробты және микробсыз болып бөлінетін, ластанған тағамдарды қолдану салдарынан пайда болатын қарым-қатынас арқылы жұқпайтын ауру болып есептеледі. Астан уланудың көптеген себептері болуы мүмкін. Сондықтан азық-түліктерді сатып алғанда, сақтаған кезде және дайындаған мезетте алдын алу шараларын орындау қажет. Аталған астан улану мәселесі әсіресе, жыл мезгілінің жылы уақыттарында маңызды болып саналады. Жазда азық-түлік өнімдерінің ластануынан үлкен қауіп төнері анық.

Уланудың тағы бір себептері – тағамды дұрыс температурада сақтамау, немесе бүлінген

тағамның келесі тағамды ластануы болып жатады. Астан уланудың сипаттары жеңіл және ауыр жағдайда тағамды қолданғаннан кейін бірнеше сағаттан кейін немесе бірден пайда болуы мүмкін. Уланудың сипаттары: жүрек айну, құсу, бас ауру, іштің өтуі және асқазанның батып ауыруы. Азық-түлікті сатып алудан бастап оны қолдануға дейінгі алдын-алу шаралары тағамнан улануды біршама деңгейде болдырмауға көмектеседі. Азық-түлікті қайдан сатып алсаңыз да сатушы оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуі керек. Сондықтан азық-түлік өнімдерін сатып алған кезде төмендегі жағдайларға назар аударыңыздар: бүлінген қаптамадағы азық-түліктер, соғылған көкөністер мен жемістер, жарылған жұмыртқалар тез арада бүлінеді. Сонымен қатар, азық-түліктің қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзіміне қараңыз. Азық-түліктің сапасына (дәміне,

ісісіне және сыртқы қалпына) назар аударыңыз. Улануды болдырмаудың бірнеше қарапайым ғана жолдары бар: тамаққа дейін қолды жуу, тамақ дайындар алдында және тамақ ішкеннен соң қолды жуу, азық-түліктерді қажетті жағдайда сақтау, көкөністер мен жемістерді қолданар алдында міндетті түрде жуу. Сонымен қатар, егер сіз азық-түліктің сапасына күмәніңіз болса, оны қолданудан бас тартыңыз.

Сондай - ақ тағамнан уланудың алдын алу шаралары төмендегідей:

- тағам дайындау технологиясы режимінде, дайындалуында, сақталуында, тасымалдануында санитариялық-гигиеналық талаптардың қатаң орындалуы;

- тез бұзылатын тағам түрлерін тоңазытқышта сақтау және тағамның бетін ашық қалдырмау;

- консервілердің жарамдылық мерзіміне назар

аудару, ісінген (бомбаждалған) болса пайдаланбау;

- азық-түлік өнімдерін дайындау, сақтау, тасымалдау және сату жағдайлары бойынша санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау;

- сүт өнімдерін рұқсатсыз сауда орындарындағы белгісіз тұлғалардан алмау;

- шикі сүтті пайдаланар алдында міндетті түрде қайнату;
- үй жағдайында консервіленген салаттарды, саңырауқұлақтарды, көкөністерді сатып алмау;

Салауатты өмір салтын сақтап жүрейік! Тағамнан уланудың алдын алу шараларын қатаң сақтап, ауырмаудың жолын іздеу-өз қолдарыңызда екенін ұмытпаңыздар! Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздейік!

Г. ОРАЗ,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
жетекші маман

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – БҮГІНГІ КҮН ТАЛАБЫ

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң м е м л е к е т т і к саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу дегеніміз - бұл мемлекетте тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажетті шарты. «Кез келген мемлекеттік құрылыстағы басты нәрсе - бұл заңдар өзге де күн тәртібінің жәрдемімен істі лауазым иелері баю жолына түсіп кетпейтіндей етіп ұйымдастыру. Жалпы жұртқа ортақ пайда келуін ойластыратын мемлекеттік құрылыстар ғана әділ, дұрыс болмақ», - деген екен ежелгі бір ойшыл ғалым. Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр.

Әрбір қоғамның даму сатысында күнегей жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-аухаты жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту - әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Қ а з а қ с т а н Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның басты мақсаты –

азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу және ашу болып табылады. Осы заңмен, мемлекеттік міндетті атқаратын және де оларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін, мүмкіндіктерін пайдалана отырып, пайда табу сыбайлас жемқорлық деп анықталған. Әлемнің көптеген елдері секілді, біздің мемлекетіміз де сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, оның тамырына балта шабуға бағытталған мақсатты жұмыстар жүргізіп келеді. Қазақстан - бұрынғы Кеңес Одағы аумағында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылатын заң қабылдап, осы мәселе жөніндегі халықаралық конвенцияларға қосылған алғашқы мемлекеттердің бірі.

Дегенмен қарапайым халыққа елімізде қабылданып жатқан заңнамалардың анықтығы мен жеңіл түсінетінділігі қажет, азаматтық қоғамды қалыптастыру үшін жағдайлар туғызуға қажетті білім деңгейін, оның ішінде құқықтық сауаттылықты арттыруға жағдайлар жасалу керек.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жемқорлық – мемлекеттің дамуын тежейтін кесел. Бұл қоғамдағы өзара сенімге, жалпы мемлекетіміздің қауіпсіздігіне қатер төндіретін құбылыс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі жұмыс жүргіземіз» деп осы бағытқа баса мән беріп отыр.

Сыбайлас жемқорлық көріністерін болдыр-

мау мақсатында Қазалы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінде өткізілетін жиналыстардың күн тәртібіне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселесі бірінші кезекке қойылып, түсіндірме жұмыстары ұдайы жүргізіліп келеді.

Құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан мердігер мекемелердің жұмысты келісім шартта көрсетілген мерзіміне қарай уақытылы және сапалы орындалуын қадағалау үшін құрылыс нысандары бөлім мамандарына бекітіліп беріліп, авторлық және техникалық қадағалаушылармен қатаң бақылауға алынған.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді алу жолдары туралы түсіндірме ақпарат бөлімнің әлеуметтік желідегі парақшасында, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында және аудан әкімдігінің ресми веб-порталында жарияланған.

Сонымен қатар, бөлімнің жұмыс жоспарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық мүмкіндіктерді кеңінен пайдалану қарастырылған. Қызметтік этика нормаларының бұзылуы мен сыбайлас жемқорлық сипатындағы теріс қылықтардың алдын алу бойынша бөлімде ай сайын құқықтық оқулар өткізіліп келеді.

Сондықтан да Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылатындықтан, біздер, мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі жұмыстарды жүргізуге атсалысуымыз қажет деп білеміз.

Қазалы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі

ӨМІРІҢДІ САҚТА

Қарулы Күштердегі әскери бөлімдер мен мекемелерде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған бағдарламаны жүзеге асыруда көптеген іс-шаралар жүргізіліп жатыр.

Әскерилердің құқықтық сауаттылығы мен мәдениеттілігін нығайту мақсатында Қызылорда гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі әскери полиция бөлімшесінің офицерлерімен «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес», әскери қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлық деректерін алдын алу және мүлде болдырмау мақсатында, сонымен қатар, ҚР ҚК Әскери полиция органдарының негізгі іс-шаралар жоспарының талаптарына сәйкес «Құмар ойындарды тоқтату» акциясы,

«Жарғыны сақта, достықты бағала, жақынды құрметте!» (қол жұмсаумен қызмет бабын пайдалану мен әскери қызметшілері арасында жарғылық қағидалардың бұзылуы) он күндік іс - шарасы аясында және «Қауіпсіз жол» бойынша жол қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету айлық іс-шаралық профилактикалық жұмыстары 2023 жылғы маусым айында Қазалы ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің жеке құрамымен Сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза ҚР Қылмыстық кодексіндегі және әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық пен жаза ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген талаптарды насихаттау жұмыстары дәріс ұйымдастыру арқылы өткізілді.

Сонымен қатар, әскери қызметшілерге 2023 жылғы 1-ші тоқсанда орын алған қылмыстық және әкімшілік деректер бойынша сот қаулыларымен сот үкімдері жеткізілді.

Бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар бәрімізден өз ісімізге адал болуды, адалдығымызға күмән келтірмеуді, құқық бұзушылықтардан ада болуды талап етеді деді, Қызылорда гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі әскери полиция бөлімшесінің (әкімшілік тәжірибе) офицері, әділет аға лейтенант А.Жакипова.

А. ЖАКИПОВА,
Қызылорда гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі әскери полиция бөлімшесінің (әкімшілік тәжірибе) офицері, әділет аға лейтенант

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.